



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz


https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

4 Кешегіні жалғаған бүгінменен



5 «Аңсаған сәби»: армандар орындалады



6 Құм қойнаудан парасат патшалығына дейін



8 «Баланың қателігі» дегеннің өзі – қате ұғым



## Біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбаты

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасына сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Сіздің алдыңғы сұхбатыңыз орыс тілінде болды. Баспасөз хатшыңыздың айтуынша, ол сұхбат халықаралық аудиторияға арналған. Бұл жолы қай аудиторияға арналады? Осындай бөле-жару қазақ тілін кемсіту болып есептелмей ме?

Бұл ешқандай да кемсітушілік немесе менсінбеушілік емес. Осыған дейін көптеген телеарна менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған болатын. Мен олардың ешқайсысына келіскен жоқпын. Кейін тек «Хабар» арнасына ғана сұхбат беремін деп шештім. Себебі ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар

Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керекі жоқ. Сондықтан ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

«Қаңтар қасіретіне» келейік. Жыл басындағы қанды оқиға, өкінішке қарай, көп адамның өмірін жалмады. Митингке шыққандардың бәрі лаңкес пе? Негізі, адамдар басында бейбіт шеруге шықты емес пе?

Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті, наразылықтарын білдірді. Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды. Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз



лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Әзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы

да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

– Сонда олар қайдан пайда болды?

– Мен осы сұраққа бірнеше рет жауап бердім. Мұның алдын ала жоспарланған әрекет екені анықталды. Арнайы

дайындықтан өткен қылмыстық топтар, лаңкестер оқиғаның бел ортасында жүріп, қарақшыларды, құқық бұзушыларды басқарды. Әрине, бұзақы топтардың арасында бейбіт азаматтар да болды. Енді оларды, лаңкестерден, қарақшылардан бөліп алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе. Мұның бәрін тергеу жұмыстары анықтайды. Жалпы, мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай ақылға сыймайтын нәрсе. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ұшықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын бұзу, халықты қорқыту. Ал бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек. Мен әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізу керек деп айттым.

Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Біз бұған қажетті шараның бәрін қабылдаймыз. Еш күмән болмасын.

2-3-бетер

### ● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ



## Жобалардың тиімділігі ескерілуі тиіс

Қазіргі кезде сапалы ұлт қалыптастыру үшін азаматтарды спортпен шұғылдануға баулу – аса маңызды міндеттің бірі. Бұл ретте өңірлерде бұқаралық спортты дамыту деңгейін көтеру өзекті. Сыр елінде бұл көрсеткіш 34 %-ті құрады, яғни 282 мың облыс тұрғыны спорттың жаппай түрлерімен айналысуда. Алдағы уақытта осы көрсеткішті 38 %-ке жеткізу қажет.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықоваға облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Асылжан Жаманқұлов негізгі басымдықтар бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Қазірде өңірдегі 21 спорт мектебінде 21161 бала мен жасөспірім 48 спорт түрі бойынша жаттығады. Өткен жылы халықты спорттық инфрақұрылыммен қамту үлесі 41,6%-ке жеткен. Сондай-ақ, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 6 жоба іске асты. Осы

жұмыстар нәтижесінде қызылордалық 188 спортшы Әлем чемпионаттарында жүлдегер атанып, 131 спортшы Азия чемпионаттарында медаль жеңіп алған.

А.Жаманқұлов мемлекеттік спорттық тапсырыс шеңберіндегі жобаларға да тоқталды. Өткен жылы осы бағытта 212 млн теңге бөлініп, 2156 бала тегін спорт үйірмелерге тартылса, биыл мемлекеттік тапсырыс көлемі 638 млн теңгеге дейін ұлғайып, 4312 баланы қамту жоспарланған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

## Әрбір ұсыныс ескеріледі

Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келген Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жергілікті жұртшылықпен жүздесіп, сайлау процесі мәселелері бойынша ой бөлісті. Сондай-ақ, Сырдария ауданында жергілікті деңгейдегі әкімдерді сайлау барысымен танысты.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Алдымен Н.Әбдіров облыс орталығындағы Н.Бекеежанов атындағы музыкалық академиялық драма театрында



сайлау комиссияларының мүшелері, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары

өкілдері, қоғамдық пікір көшбасшыларымен жүздесті.

4-бет

### ● Өңір өнімі

## Қармақшылықтар бақша өнімін көбейтпек

Қармақшы былтыр озат атанды. Облыста «Ауыл шаруашылығы саласы бойынша үздік аудан» атанған ауданның егін мен мал өсіруде табысы жақсы. Әсіресе, былтырғы су ташылығына қарамастан күріштің әр гектарынан 67 центнерден өнім алып, 88 мың тонна астықты қамбасына құйды.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»



Суретте: Қуаңдария ауылының тұрғыны Марияш Бажбенова өз бақшасының қауымынан қақ тілеуде.

4-бет

### ● КЕЛЕСІ САНДА

## Жалақы өсті, сапа жақсара ма?



# Біздің бір ғана Отанымыз бар,

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» Ұлттық

– Сонда бұл оқиғаларды біз қалай сипаттауымыз керек? Бұл өзі төңкеріс пе, жоқ әлде билікке қарсы бейбіт шеру ме немесе басқаша ма? Қалай атаймыз?

– Бұл оқиғаны ел ішінде әртүрлі атап жүргенін білемін. Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып өткердік. Бірақ дәл осындай қарақшылардың қатыгез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

Ашығын айту керек, жағдайды өздеріңіз жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Француз тілінде осындай әрекетті *coup d’etat* деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз. Елдігімізге, мемлекеттік тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды. Әрине, халыққа әлі де көп нәрсе түсініксіз. Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, ланкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

– Олар билікке неге қарсы шықты?

– Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі келтіруге тырысты. Тіпті Президентке де қарсы болды. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан, бағытымызды өзгертіпеміз, реформалар міндетті түрде өз жалғасын табады.

– Сіз тергеу жұмыстарының жүріп жатқанына жана тоқтандырды. Дегенмен алдын ала тергеу нәтижелері жөнінде айта аласыз ба?

– Қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Бас прокуратура нақты ақпаратты жүйелі түрде жариялап жатыр. Қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі өрте. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір тергеу құпия түрде жүргізіліп жатыр. Өйткені бүл өте ерекше іс болғандықтан біраз уақыт керек. Көп ұзамай халқымызды мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап беріледі. Бәрі де айтылады. Халықтан ештеңені жасырып қалмаймыз. Қазір тек мына нәрсені ғана айта аламын. Бұл біздің халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болды.

– Адамдардың құқықтарының қорғалуына байланысты жана ғана өзіңіз айтып өттіңіз. Енді осыған тоқталайық. Құлбітелемей бірден айтсақ, бұл – азиаттық фактілері туралы. Өзіміз де көрдік. Әлеуметтік желілердегі видеоларды, жазбаларды сай-сүйегің сырқарқан қарайсың. Әсіресе арқасына үтік басылған талдықорғандық Азамат Батырбаев деген жігітке қатысты. Осыдан хабардарсыз ба?

– Иә, бұл мәселе жөнінде жақсы білемін. Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Өзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссия құрды. Олар әр істің заңдылығын қарап жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

– Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әсіресе қазіргі таңда мұны ең маңызды мәселе деп айтуға болады. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады.

– Ал бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданады?

– Бұзақылар туралы мәселеге келсек, кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішінде таратады. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: олардың ішінде ланкестер де, қылмыскерлер де бар. Қаранышы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, ланкестерді, қарақшыларды халық қаһармандары, батырлары деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай шындыққа келмейтін жалған үәж. Егер біз ақиқатына көз жеткізбей, олардың айтқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізілуіміз керек.

– Ресейдегі бірқатар сарапшы елімізде болған оқиғаға қатысты «Төңкерісшілердің мақсаты Президент Қ.Тоқаевты Қазақстаннан қуып шығу немесе тұтқыға алу» деген болжам жасады. Сол рас па? Бірақ Сіз олардың жоспарын жоққа шығардыңыз. Осыған байланысты Өзіңіз қандай нақты түсініктемесі берер едіңіз?

– Болкім, бұл Ресейдің барлау қызметінің көзқарасы шығар. Бұл рас та болуы мүмкін. Олар біздің еліміздегі оқиғаларды мұқият бақылап отырады ғой. Қалай десек те, арнайы жасалған қарулы қарақшылар билікті басып алғысы келді. Сондықтан шетелдік сарапшылар айтқан пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Дегенмен барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру керек. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халқымыз бекер айтпаған. Бізге керекі – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым.

– Сіз Владимир Путинге қоңырау шалып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін Қазақстанға шақырдыңыз. Бұл еліміздің дербестігін, егемендігін Ресейге телу деген сөз емес пе? Соларды шақырмаса болмайтын ба елі өзі? Қазір осы шешіміңізге өкіңбейсіз бе?

– Өкіңбеймін. Бұл – ешқандай да өкіңдіретін шешім емес. Керісінше дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, ланкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте,



Қызылордада орын алды. Елордада ланкестердің дайындық жұмыстары байқалды, олар тіпті Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды.

Кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, ланкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде ланкестер Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенген еді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бір де бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы ланкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

Ал енді «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме. Оны доғару керек. Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының контингенті В.Путиннің немесе Ресейдің жеке әскері емес. Бұл ұйымның әскери құрамы оған мүше елдердің бәріне ортақ. Онда Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстанның әскери бөлімдері бар. Қазақстан да – осы ұйымның толыққанды мүшесі әрі негізін қалаушысы. Сондықтан бәрі – занды, қисынды.

Ресейге келсек, бұл алпауыт ел өзінің геосаяси мүддесін де қорғады. Қазақстанның тұрақтылығы Ресейге өте қажет. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктестер. Арамызда шынайы достық пен өзара сенім болуы керек. Басқа саясат ұстансақ, екі елдің стратегиялық мүддесіне нұқсан келтіреміз. Жалпы, біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес.

– Сонда да көрші елдің кейбір журналистері «Ресей Қазақстанды құтқарды» деп жазып жүр... Жана ғана айттып өттім, Ресей – Қазақстанға жақын орналасқан серіктес мемлекет. Осындай жағдайда оның бізге көмекке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бірімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды.

– Жалпы, Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы қандай болуы керек? «Мәскеу біздің жерімізге көз алартып жүр, солтүстік облыстарды тартып алады» деген пікірлер де айтылады... Бірінші сұрағыңызға қатысты айтар болсам, Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы

көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді.

Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп айтатын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни Кремль, әрине, бұл үәжді қолдайды.

Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдықпен, беріктігің көрсетті.

– Түсінікті. Енді «Қаңтар қасіретіне» қайта оралсақ, халықтың көбі Тұңғыш Президентке және оның отбасына қатысты наразылығын білдірді, тіпті ашу-ызға толы пікірлер айтылды. Себебі белгілі. Сіз өзіңіз Мемлекет басшысы ретінде осы жағдайдан қандай сабақ алдыңыз?

– Мәселеге жан-жақты қарайтын болсақ, халық наразылығының астарында өткір әлеуметтік мәселе жатыр. Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Теңсіздік белең алуға. Назылықтың түп-тамыры осында басталды. Бұл мәселе туралы мен Парламентте, басқа да жиындарда айттым.

Екіншісі, азаматтардың наразылығын ланкестер мен қылмыскерлер пайдаланып кетті. Бұған біріміз куә болдық. Расында, әлеуметтік желіде Тұңғыш Президентіміз туралы әртүрлі ойлар айтылып, жазылып жатыр. Қанша адам болса, сонша пікір болады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдер – соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын.

– Иә, сонғы кездері көптеген ауыс-түйіс болды. Соның ішінде Ерболат Досаевты

Алматы қаласының әкімі етіп тағайындаған шешіміңізге наразы тұрғындар митингке шықты. Бұл шешімді қайта қарау ойыңызда бар ма?

– Ондай ойым жоқ. Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда. Қаңтар оқиғасы кезінде қаланың экономикасы зардап шекті. Азаматтардың және бизнес иелерінің дүние-мүлкі тоналды. Көптеген нысан өртелді, қиратылды. Соның бәрін қалпына келтіру керек. Бұл – оңай шаруа емес. Сондықтан осындай жауапты жұмыс жана әкім Ерболат Досаевқа жүктелді, қолынан келеді деп үміттенемін. Себебі оның бизнес саласында, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол. Іскер, еңбекқор адам. Жұмыс істеуіне мүмкіндік берген жөн деп ойлаймын.

– Осы сияқты басқа да біраз кадрлық өзгерістер болып жатыр. Бірақ әкімдердің басым көпшілігі әлі орнында отыр. Олардың жағдайы қалай болмақ? Алдағы уақытта облыс әкімдері сайлана ма?

– Жалпы айтқанда, кадрлық ауыс-түйіс – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жана талабына ікемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Олардың орнын жана кадрлар басады. Әкімнің бәрін ауыстыру менің негізгі мақсатым емес. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талау жасалады. Негізгі талап – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Сондықтан қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешімдерді қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады.

Мен 2020 жылы халыққа Жолдауымда алғаш рет ауыл әкімдерін сайлау туралы айттым. Көп ұзамай ауыл әкімдерін сайладық. Билтырғы Жолдауымда «Келесі қалам – аудан әкімдерінің сайлауы» деп айттым. Оны 2024 жылы өткіземіз. Болкім, пилоттық жоба ретінде келесі жылдан бастап, орынды болар.

– «Жана Қазақстанды» құрамыз деп отырмыз. Бірақ бұрынғы жүйеде жұмыс істеген адамдар қызметке қайта тағайындалып жатыр. Жұрт ескі мамандармен жана Қазақстанды қалай құрамыз дейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Негізгі, кадр мәселесі өте күрделі әрі аса маңызды. Расында, көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Кез келген адам бірден министр немесе әкім бола салмайды. Ол анық нәрсе. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне

адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жана мамандар келеді. Келіп те жатыр. Бұл – қалыпты үдеріс. Бірақ бір нәрсені есте ұстаған жөн. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алағы емес! Сондықтан бұл жұмысты бірте-бірте жүргіземіз.

– Алдыңғы сұхбатыңызда Сіз елімізде кадр тапшылығы бар екенін айттыңыз. Шын мәнінде, көптеген білікті мамандарымыз шетелде жұр. Білім қуып, қасіп ізден кеткендер де бар. Шетелдегі отандастарымызды Қазақстанға шақыру ойыңызда бар ма? Жалпы, бұл іске асуы мүмкін дүние ме?

– Расында шетелде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ шындығын айтудымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

Жалпы, біріміз еңбеккерліктің, біліктіліктің идеологиясын көтерудіміз керек. Ұлттық дүние жүзінде, ең алдымен, еңбеккер, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда жана Жана Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараныңдар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірде-бір қазақ шетелде жұмыс істемейді, жай-баракат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген ебекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды. Өкінішке қарай, бұл – «сырьевое проклятие», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары.

– Тағы бір маңызды дүниеге назар аударсам деймін. Сіз «Мемлекет ақпараттық соғыста жеңілді» деліңіз. Елдегі журналистика денгейіне көңілі толмайтындар көп. Мұны бір себебі, ақпарат құралдарына мемлекет қатан бақылау жасайды дейді олар. Біз демократиялық қоғам құрамыз десек, БАҚ саласын шын мәнінде «бәтінші билік» деңгейіне көтерудіміз



# Әрбір ұсыныс ескеріледі

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ортсайлауком еліміздің барлық өңіріне жұмыс сапарымен барады. Көпшілікпен кездесуімізді Сыр бойынан бастағанды жөн санадық. Бұл кездейсоқтық емес. Қызылорда – Қазақстанның тұңғыш астанасы ретінде зор құрметке ие, әрбіріміз үшін киелі топырақ. Сайлауға байланысты барынша ашық ой-пікірлеріңізді жеткізеді деген ойдамын. Мақсатымыз – ашық, әділ сайлау өткізу. Әрбір ұсыныс ескеріледі, алдағы уақытта зерделеніп, процесті жетілдіруге пайдаланылады, – деді Н.Әбдіров.

Аталған тақырыпта қызылордалық тұрғындардың белсенділігі байқалды. Олардың тарапынан көптеген ұсыныс-пікір айтылды. Республикалық «Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының жетекшісі Ләззат Бактыбаева сайлау комиссиясы туралы ойын жеткізді. Қазірге дейін өткізілген сайлаулар кезінде елімізде тіркелген барлық партияға теңдік принципі сақталмай келді. Комиссиялар құрамына барлық партияның өкілдері тартылғаны маңызды іс-шараның әділ, шынайы, жан-жақты өткізілуіне оң әсерін тигізеді. Сондай-ақ, комиссия құрамынан бюджеттік мекеме қызметкерлерін босату жайы да назардан тыс қалмауы тиіс. Электрондық жүйені пайдаланып дауыс беру бүгінгі қоғам талабына толықтай сай келеді. Журналист Сәкен Алдашбаев сайлау барысында байқаушылардың мәртебесін арттыруды қозғады. Өйткені, олардың жұмыс істеуіне кедергі келтіретін жағдайлар бар. Атап айтқанда, комиссия мүшелерінің кемшіліктері жайында байқаушы шағымды тиісті орындарға жеке өзі бірден бере алмайды. Қасында тағы екі адам куәгер ретінде тіркелуі тиіс. Сондықтан сайлау учаскесіне маңызды іс-шараны өткізу барысын толық бақылайтын бейнекамера орнатуға назар аударылуы тиіс.

Ал журналист Ерканат Сәрсенбай мәлімет алудағы ашықтық мәселесін қозғады. Жүздесу барысында өзге де азаматтар сайлауды ұйымдастыруға байланысты ойларын айтып, көкейде жүрген сауалдарын қойды. Жүйені және оның заңнамасын жетілдіру, ұйымдастыру және өткізу кезінде оны құқықтық тұрғыдан қолдану жөніндегі кешенді мәселелер мен ұсыныстар талқыланды.

Н.Әбдіров Ортсайлауком мен сайлау органдарының негізгі міндеті заңнамаға сәйкес барлық процестің ашықтығын қамтамасыз ету екенін ерекше айтып өтті. Сапар аясында Орталық сайлау комиссиясының мамандары Асылбек Смағұлов, Дәурен Ысқақов, Әйгерім Тәжиева аймақтағы сайлау комиссиялары мүшелерімен кездесіп, қазіргі талаптар жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Еліміздің Орталық сайлау комиссиясының төрағасы жұмыс сапары аясында Сырдария ауданының орталығы Теренөзек кенті әкімін сайлау қарсаңындағы дайындықпен танысты.

Аудандық сайлау комиссиясының төрайымы Балшекер Өтегенованың айтуынша, былтыр жергілікті тұрғындар 4 ауыл әкімін сайлауға мүмкіндік алды. Алдымен 25 шілдеде А.Токмағанбетов, Іңқардария, Н.Лиясов ауылында әкім сайлауы өткізілсе, 24 қазанда Қалжан ахун тұрғындары осындай таңдау жасады. Енді 20 ақпанда Теренөзек кенті әкімін сайлау жоспарланған. Оған үміткер ретінде 3 азамат тіркелген. Олардың 2-і партия атынан түссе, 1-і өзін-өзі ұсынаған. Аудан орталығында орналасқан 4 сайлау учаскесінде барлығы 7190 адам қатысады деп күтілуде.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы аудандық мәдениет үйінде орналасқан №155 сайлау учаскесінде комиссия мүшелерімен жүздесіп, олардың ұсыныс-пікіріне зер салды.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен былтыр кең ауқымда ауыл әкімін сайлау ұйымдастырылды. Бұл жергілікті тұрғындардың белсенділігін арттырды деген ойдамыз. Ендігі кезекте 2024 жылы аудан әкімдерін сайлау жақындап келеді. Бұған байланысты нақты дайындық жұмыстарын қолға алуымыз тиіс, – деді төраға.

Одан кейін Н.Әбдіров бастаған топ осы ауданның Нағи Лиясов ауылына барды. Онда былтыр ауыл әкімін сайлау өткізілген болатын. Жергілікті халық Сағдат Нұрмағанбетовке қолдау білдірді. Мұнда 2 мыңнан астам адам тұрады. Елді мекенді дамыту бағытында көптеген игілікті істер атқарылып келеді. Алдағы уақытта көшелерді қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Қазір салық базасын кеңейтуге көңіл бөлініп, тұрғындардың кәсіпкерлікпен айналысуына қолайлы жағдай жасалауда.

### ● С.ЖЕЛДЕРБАЕВА-90

# Кешегіні жалғазан бүгін менен



«Сәнімқұл апам 90 жасқа толғанда мақала жазу – Желдербай бабамның жұрағаты ретіндегі міндетім» деген ойды санамда қорытқалы біраз болған. Бұл бастамамды мақала кейіпкері салған жерден қолдай қоймайтынын ішім сезеді. Әйтсе де бір жексенбіде апамә сәлем бере бардым. Амандық-саулықтан соң ойымдағыны білдіріп едім: – Мақала деймісің, оның не керегі бар? – деді. – Апа, 90 жасыңыз жақын қалды. Өскеден ұрпаққа сіз сияқты екі дәуірдің куәсі болған, бар құмырын ұстаздыққа арнаған адамдардың өмірін, көрген-білгенін үлгі ететін үрдісіміз бар. Әр заманда жаңарып-жаңғырып, қазақтың шаңырақ көтеру тойының басты әніне айналған «Ақ босаға», басқа да өлеңдеріңіз туралы да сөз қозғайық, – дедім.

арасына түрлі әңгіме тарайды. Нағашым жарықтық, өте сабырлы, аз сөйлейтін, ұстамды, ақылды кісі еді. Ел тойынып, әлгі үйдің иесі бидайға қарауыл болыпты. Сол кезде Алпысбай ағам оны атып тастаған. Бұл үшін нағашымды ешкім, тіпті туысқандары да жауапқа тартпаған. Ауылдастары әлгі адам туралы «жұртқа істегені өзіннің алдынан шықты» депті. Кейін жұмбақ үйдің жұртынан алам сүйектері табылған. «Ол кім деген кісі? Туған-туысқандары қазір ауылда бар ма?» деген сұрақтарымызға «Айтпаймын кім екенін. Балааларының жазығы жоқ, әкесінің ісіне олар кінәлі емес, білмей-ақ қойындар» деп қысқа қайыратын. Жұмбақ үйдің құпиясын қалай ашқаны туралы сол күйі тіс жармай кетті.

### «Елестейді, кейде есіме түседі»

– Әкем 1942 жылы маусымда соғысқа аттанды. Жүзге жетпейтін түтіні бар ауылдан 30-40-тай адам бірден шақырылған екен. Ауыл күніреніп кетті. Әскерге кететін ағалар, жігіттер жиналып, күнде бір үйге барып, үлкендерге сәлем беріп, батасын алып аттанып жатты. Кішкентай балалар солардың ізнен еріп жүрдік. Жайлауда едік, ауыл қанырап бос қалды. Майданға кеткендердің жартысынан көбі оралмады. Менің әкем де... – деді апам сол күндерді есіне алып. Сәнімқұл апамның әкесінің соғысқа аттанған кезін суреттеген өлеңін бізге бала күнімізде үйдің үлкендері жаттатқызған. – Менің әкем қарапайым кісі еді, Елестейді, кейде есіме түседі, Шаш желбіреп, жалаңаяқ жүгірген, Қырық екінші жыл. Маусым айы іші еді.

Әкем жатыр ұзақ жолға жиналып, Анам көзге жас алады жиналып, Туған-туыс, ақ тілеулі ата-ана, Аттандырды. Қоштасарда қимадық.

Ок жалаған, кара қайғы, тымық түн Серпілді де, туған елде тынықты, Менің әкем, жаным әкем мәңгілік, Оралмады, неткен хабар суық тым?! жоғалып, болашағын доғарып, Туған жердің торғынына оранып, Дауысымды естіп жатыр.

Менің әкем кеткен де жоқ жоғалып, Өлген де жоқ, болашағын доғарып, Туған жердің торғынына оранып, Дауысымды естіп жатыр. Ол – анық! Бұл өлеңнің өн бойында соғыстың суық хабарына, қылқан кескендей жігіттердің беймәлім сапарға кетіп бара жатқанына алаңдана ел ішінде суреті, жат жерде қалған әкеге деген перзенттік сағыныш лебі есіп тұр. Апаң әңгімесін одан әрі жалғады. – Соғыс елде болмағанымен, қиындығын көрдік. Азаматтардың

орнын аналарымыз бен жеңгелеріміз, балалар бастық. Күріш отауға шықтық. Сәл есейгесін қолхоз жұмысына, күріш, бидай оғуға араластық. Шешемізге жіп иіргіп алып, майдандағыларға шұлық, қолғап тоқыдық. Әр үйде қаралы дауыс, жылау, жоқтау. Желегі түспестен жесір болған жеңгелеріміздің қасынан табылды. Жігіттердің орнында жұмыс істеген ауылдың қыздарын «Қырық қыз» деп атаушы еді. Әр үйден 3-4 қыздан шығады, күріш орды, негізгі жұмыс күші болды. Соғыс аяқталған соң барлығы рет-ретімен майданнан ораған жігіттерге ұзатылып, орындарын тапты.

Қазіргі Ақжар ауылының айналасындағы «Сарыой» деген жерден екі-үш шақырымдағы мектепке қатынаймыз. Мектебіміз кейін ғой, орта мектеп болғаны, жоғары сыныпты Қармақшыға – аудан орталығына барып оқыдық. Заманның тар кезі, онжылдықты жалғастыруға келгендердің көбісі жағдайы болмаған соң, ауылға қайтты.

### «Бойымыздан бұрындау, ойымызды түзедік»

– Мектеп бітірген соң, пединститутқа оқуға түстім. Әуелесе Қырғызатбаев сабақ берді. Шамасы Орталық тұрақтатпай, шет өңірлердегі институтқа келген уақыты болса керек. Ол кезде бірден-саран болмаса, қызды оқыту үрдіске ене қоймаған. Ауылдағылар жалғызбасты әйелдің жалғыз қызының Қызылорда асып оқуға кеткенін аса құптай қоймады. Шешем Зерімқұл қолхоз құрылғаннан мүше болып, екінің еңбек етті. Токсан сайын сыйақыға ендеші масағы алады. Оны төркіндеп келген апамыздың көйлек-көншегіне жинап, риза қылып аттандыратын. Бір ерекшелігі – біздің ұрпақ бойымыздан бұрын ойымызды түзедік.

Апамның «Біз, біз едік, біз едік, бұралған жігіт-қыз едік, бойымыздан бұрындау, ойымызды түзедік» деп келетін өлеңі бар еді. Екеуара бір пальто, бір етік киіп ержеткен, бойжеткен, өмір өзі шыңдаған сол дәуір жастарының бейнесі берілген өлең. Таршылыққа қарамай білім қуған, асқақ мақсатқа ұмтылған олардың қай-қайсысы да тура жолдан адасқан жоқ.

– Институттан кейін жолдамамен Қарағанды облысына жіберді, – деді апам әңгімесін сабақтай түсіп. – Оған жету үшін бір жеті жол жүреді екен. Шу теміржолы іске қосылмаған уақыт. Автобазада жұмыс істейтін Жәлел ағам «Қарсақбайға» қатынайтын жүк көлігіне мінгізіп жіберді. Астық, басқа да зат тиелген, оның үстіне жолаушылар қосылды. Түнімен жол жүрдік, әр 50 шақырым сайын бір бекет. Біреуіне тоқтап, кино көргеніміз бар. Қарағандыға барған соң облыстық білім бөлімінің Жезқазғанға, ол жактан Қарсақбайға жіберді. Жезді деген жердегі қазақ-орыс мектебінде сабақ бердім.

Кейін Қармақшы ауданының орталығы Жосалыдағы мектепте еңбек еттім. Қызылордаға көшіп келген соң, жұмыс іздеймін. Мектептерде орын жоқ, табылғаны тек уақытша. Ол кезде Науқанбек (жолдасы – Г.Ж.) ревизор, білім саласының қаржы жағын тексереді. Менің жұмыс таппай жүргеніммен шаруасы жоқ, «қолында дипломың бар, өзін ізде, тап» дейді.

Сөйтіп жүргенде қыздар педагогикалық училищесінен орын табылып, сонда жұмысқа тұрдым. Ол кезде училищеге еліміздің әр қиырынан келіп қыздар оқиды. Олардың біліміне де, тәрбиесіне де жауаптымыз. Кілең қыздар оқитын оқу орны болған соң екі жағын қатар алып жұрмесе болмайды. Зейнетке шыққан соң бірнеше жыл Қорқыт ата университеті «Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттеріне де дәріс оқыдым.

### «Қыз аттаған, келін кеп ақ босаға»

Сәнімқұл Желдербаева жазған «Мәнгерлеп оқу» деп аталатын көмекші оқу құралы бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған. «Халықтың баласын тәрбиелейтін әрбір мұғалімнің халық ауыз әдебиеті туындылары, балаларға лайықты ертегі, тақпақ, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, т.б. көп білетін, оны көркемдеп мәнерлі де әсерлі оқи алатын, жатқа білетін, балалар аурдиториясын өзіне тәнті етіп басқара отырып әңгімелеп бере алатын өз ісінің шебері болуын уақыт талап етіп отыр» деп жазылған кітаптың алғысөзінде. Бұл оқылғыты балабақша тәрбиешілерінен бастап, жоғары оқу орындарының оқытушылары әлі күнге дейін пайдаланып келеді.

«Ақ босаға!» Қазақтың кең даласына тараған, бағы жанған әні! Келін түскен әр шаңырақтың әнұраны іспетті, шықсанына жарты гасырдан асса да ескірмейтін, уақытпен бірге жаңғырып, жаңарып келе жатқан туынды. Жақында «Ақ босаға» туралы белгілі фольклортанушы Берік Жүсіповтің «Бұйырса, жер бетінде ана тілін, салт-санасын, ата-баба дәстүрін сақтаған соңғы қазақ қалғанша, дәстүрлі неке заңы шеру тартып тұрғанда, ғашық жүректер ынтызарлығын тоқтатқанша мөңгі шыркала беретін әннің бірі – осы! Талайдың қыз күнін сағындырып, басынан қызыл орамалын алып, ақ жаулық салып, келін болып түскен ең бақытты сәтін есіне салып, көзіне қуаныш моншақтарын үйретіп ән» деген пікірін оқыдым.

– «Ақ босаға» сол кездегі «Ленин жолына» басқа да өлеңдерімізмен бірге жарық көрген еді, – деді апам әңгіме желісін үзбей. – Композитор Мұхамеджан Рустемов хабарласып ән жазғысы келетінін айтты. Мәтінің кей тұстарын әуенге бейімдедік. Әні мен сөзі үйлесіп, елге тарап кетті. Басқа өлеңдер «Ақ босаға», «Жүректің жауһарлар» деген кітаптарға топтастырылды. «Сырдария кітапханасының» бір томына Рахат Наурызбаева екеуіміздің өлеңдеріміз енді, – деді ол.

Үстаз, ақын Сәнімқұл Желдербаеваның өлеңдерінің өзегінде туған ауыл, адамдардың сыйластығы, ұлттың дәстүр-салты, жары соғыстан қайтпаса да, ошағының отын сөндірмеген қазақ әйелдерінің ерлігі туралы тақырыптар өрілген. Ол сағым тербелген боз даланы, табан күйдіретін ыстық құмды, үкілі қыз секілді қамысты жырға қосты. Қыз аттаған, келін келген ақ босағаның қасиетін, желегі түспей жесір атанса да, күдік пен сенімнің аражігін арманмен желімдеген аналардың асыл бейнесін асқақтатты. Өйткені мұның бәрі – өзіннің басынан өткерген, көзі көрген, жүрегімен сезінгендері. Сондықтан да бұл өлеңдер шынайы, өміршен.

Бүгінде Сәнімқұл апам балалары, немере-шөберелерінің ортасында 90 жастың биігіне шықты. Біз гасырға жуықтаған ғұмырдың кей үздіктеріне осылайша сүр шертіп. Алла қуат берсін, апа!

## Қармақшылықтар бақша өнімін көбейтпек

Расы керек, биыл да су тапшылығы айқын сезіліп тұр. Мамандар дарияға түсер судың тым аз екенін айтып, дабыл қағуда. Анығы сол, биыл тағы да ұдайы суда тұрар басты дақыл – күріштің егілу көлемі қысқармақ.

Әртараптандыру әрі суды аз қажет ететін дақыл егу күн тәртібінде тұр. Қармақшылықтар бұны айқын сезініп отыр. Биыл жоспар бойынша мұндағы егінші қауым 600 гектар жерге бақша өнімдерін орналастырмақ. Бұл – шаруашылықтардан бөлек, жеке тұрғындар егетін егін көлемі. Картоп пен сәбіз, қырыққабат пен жуа, сондай-ақ қауын-қарбыз тұқымды да жерге мольнан тасталады. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі берген мәліметке сүйенсек, қазір бақша дақылдары егілетін жердің аумағы белгіленіп, су апару жолдары анықталып болған. Бір ғана мысал, Қармақшы ауданының ең шеткі ауылдары – Қуандария мен Тәйімет Көмекбаев елді мекенінде 19 гектар картоп, 7 гектар жуа, 8 гектар сәбіз, 6 гектар қырыққабат және 40 гектар қауын-қарбыз өсірілетін болады. Барлығы 80 гектар алқапты алатын бақшаны сұғаруға арнайы су тарту қондырғылары қойылады. Бұған қоса Алдашбай ахун ауылдық округінде де су үнемдеу технологиясын пайдалана отырып, 20 гектар қауын-қарбыз егілмек.

Бұған дейін де Ақжар, Жанажол ауылдарындағы шаруашылықтар бақша дақылдарын өндірістік негізде өсіріп келеді. Биыл да аталған шаруашылықтар бұл үрдісті тоқтатпайды.

Аудан басшысының бастамасымен қолға алынған бақша егістігін арттыру өңірдегі азық-түлік бағасына да оң әсерін тигізетін сөзсіз. Көкөніс пен картоп-жуасының өзінен шыққаны, ішкі нарықтың жергілікті өніммен қамтылуы бағаны тұрақтандыруға бірден-бір себеп болары анық.









## Жанынан шуақ таратқан

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген. Өміріме түбегейлі өзгеріс пен құбылыс әкелген қызметтегі өткен күнді еске аламын. Ол кезде мектепте мұғалім, қосымша бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болып қызмет жасайтынмын.

Максұт Әбдіразақов ағаның таудай көңілінің мейірім шуағын көрдім. Өмірде маған шапағат-нұрын төккен жандар аз болған жоқ. Бірақ сол бір жастық шактың мөлдiр бастауында бойымдағы ізгі талпыныстарымды қуаттап, дем беруi тағдырымда ерекше орын алды. Ол кiсi жастарды тәрбиелеуде ешқандай туыстыққа, руға бөлмейтiн. Қолынан iс келетiндерге арқашан көмек беретiн.

Оның азаматтығын, адамгершiлiгiн көзiн көргендер, iнiлерi күнi бүгiнге дейiн ерекше iлтипатпен айтуда. Өмiрден озғанына жиырма жылдан асса да, бейнесi көңiлiмде, жанында жүргендей елестеп, жүректiң түбiнен мықтап орын алған. Уақыт өтiп жатса да, сағынышымыз, құрметiмiз артпаса, кемiген емес.

М.Әбдiразақов 1937 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Партия, ауыл шаруашылығы саласында ұзақ жылдар бойы еңбектенiп, өнiрiмiздiң өсiп-өркендеуiне өзiндiк үлес қосқан азамат. Өзiне тапсырылған iске адалдығымен, еңбекке деген таза көзқарасымен бедел жинаған. Өз ойы, пикирi, көзқарасы бар, iсiмен де, сөзiмен де өзгеден оқ бойы озық тұратын дара, парасатты жан едi. Тәжiрiбесi мол, көпшiлiктi сөзiмен баурап, жиналыс-отырыста әзiл-қалжың айта алатын.

№32 I.Қабылов атындағы орта мектепте мұғалiмдiк қызмет атқарып жүрген кезiм. Бiр жағынан қоғамдық негiзде бастауыш комсомол комитетiнiң хатшысы болып iстейiмiн. Кешкiлiк мектеп директоры «Сенi ертең аудандық

Совет атқару комитетiнiң төрағасы М.Әбдiразақов шақырып жатыр, соған барып кел, сабақтан боссың» дедi. Түнiмен қалай қабылдайды, не айтады деп мазасыздандым. Түнiң бiр уағында Мәжит Сағидатов ағам, «ертең Мақана тоғыздан қалмай бар» деп звандады. Аудандық Совет атқару комитетiнiң төрағасы Максұт Әбдiразақов мени қабылдап: «ендi атқарушы билiкке араласып көр, сендер iстемегенде кiм iстейдi?» — дедi. Сенiм бiлдiрдi.

Мұғалiмдiк және ауыл шаруашылығы мамандығын қызыл дипломға бiтiргенiмдi сұрап алып, Қызылорда қаласындағы облыстық атқару комитетiне барамыз дедi. Ол жақта Мусаев деген кiсi қабылдап, әртүрлi сұрақтар қойды. Сол күнi ауылдық совет председателi болып сайландым.

Ол кезде жеке қожалықтардан ет, сүт және жүн өткiзу тапсырмасы берiлетiн. Оған партком Мәжит ағамыз бен совхоз директоры көмектестi. Абыройсыз болғаным жоқ. Кейiнiрек ауылдық кенесiн жұмысы мен жеке қожалықтардың артық малын мемлекетке сату және «Жасыл өлке-91», азық-түлiк бағдарламаларын орындағанымыз үшiн грамота алдық. 1988 жылы облыстық агроөндiрiстiк мекемеге төраға болып ауысып кеттi. Iздеп барып сәлем беретiн едiм. «Қалың қалай бала?» деп сұрайтын, ақыл-көнесiн беретiн, сәлем бергенiме риза болып қалатын. Ауданда жүрген кезде ол кiсi қай iстi болмасын аса ыждағатпен, жауапкершiлiкпен атқаратын.

Сөзiм дәлелдi болу үшiн мына жайтты айтайын.

Мақаның басылығымен жаңа үлгiлерде кешендi мал фермалары, бордаққалау алаңдары, азықтандыру цехтары салынды. Iрi-iрi сауын фермалары ұйымдастырылды. Мал басын өз төлi арқылы көбейтуге, тұқымын асылдандыруға мән берiлдi. Сол кездегi iрi шаруашылық «Мәдениет» ауылында осылардың бәрi болды. Жоспар совхозға және жеке қожалыққа көп берiлетiн. Жылдың аяғына қалмай ет, сүт тапсырмасын орындау үшiн жиi келедi. Кейбiр күнi кешенде қонып, партия тапсырмасын орындауға күш салатын. Ол кiсiнiң еңбек жолында басылығы баспадағында мұндай игi iстер жетерлiк. Уақытпен санаспай еңбек етуден шаршамайды. Қай iстiң болмасын басы-қасынан табылды.

Аудандық штабтың жетекшiсi Мақан көбiнесе шаруашылықтарды аралап жүретiн. Қызметте өте көнiлдi де қызықты едi. Көңiлдiлiгi сол қандай мәселе болса да, күлiп отырып, өзiндi соған жауапты екенiдi мойындататын. Қолынан келмей жатқанын байқаса өзi тiкелей араласып, айтып, қол ұшын беруден тартпайды. Кiммен болса да, ашық-жарқын сөйлесетiн.

Ауданға сүт зауытына күнде кешке «Молюковоз» 2 рет сүт өткiзетiн. Әрбiр көшеге адамдар бөлiнедi. Ай сайын 100-110% артық орындаймыз. «Сырдың тамағын тауып берсең, қарнын тойғызсаң, неге сүт бермейдi? Сыр сүтi — тiлiнде дегендi ұмыттыңдар ма?» деушi едi Мақан. «Мәдениет» шаруашылығында 5000 бас, жекеде 2000 бас iрi қара болатын. Қүрiшпен бiрге, жүгерi, жоңышқа, бидай, арпа, сұлы егедi. Өнiм көбейдi.

Ауыл тапсырманы артығымен орындап, Жалағашты алдыңғы қатарға шығарып

отырды. Бiр күнi машина жолда бұзылып қалып сүт ашып кеткен. Мақан: «Жұмыс болған соң ондай-ондай болады» дедi. Ұрысады ма деп ойласақ... Қызметкерлердiң ар-намысына тиiспейтiн, сөз айта да, жетесiне жеткiзе айтатын едi.

Халықпен көп араласу қажеттiгiне, мұң-мұқтажына мән бердi. Ол кезде кәзiргi Мырзабай ауылы I-бөлiмше болып «Мәдениетке» қарайтын. Клуб, мелдункт, мектепке, кiтапханаға жиi баруды тапсыратын. Бөлiмшеге барып, ақсақалдармен әңгiмелесiп, мұқтажықтарын жазып алатын болдым.

Мақан өте ақкөнiл, ақжарқын жан едi. Байыпты басы осы жылдары бiрыңғай экономикалық көрсеткiштерге кетпей, ауыл мәдениетiнiң артуына, тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейiнiң өсуiне де көп күш-жiгер жұмсады.

Сырдария, Жалағаш, Теренөзек аудандық кенесiнiң төрағасы, облыстық ауыл шаруашылығы саласының бастығы қызметiн атқарды. Үш рет «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет» белгiсi орденiмен, Қазақ ССР Жоғары Кеңесiнiң Құрмет грамотасымен, медальдармен марапатталған. Әдiлеттiң ақ жолын серiк етiп, бұра тартпай, қандай жағдайда да тура және әдiл шешiм қабылдай бiлдi. Сол арқылы өзi басқарған шаруашылықтарда емес, бүкiл аудан, облыс жұртшылығы арасында лайықты құрмет пен беделге ие болды.

Дана халқымыз «Асыл туған азамат, баға жетпес нарқы бар» деген. Адамгершiлiк сапағынан аласпай өмiр сүрiп, өнеге көрсеткен азамат ұмытылмайды.

Қуаныш АХМЕТҰЛЫ,  
зейнеткер,  
Мәдениет ауылы

## Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2022 жылдың 24 ақпан күні сағат 10:00-де мына мекенжайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33.

### Күн тәртібінде:

1. «Аграрлық несиє корпорациясы» АҚ Серіктестігінің 2019-2020 жылдардағы қаржы есебiне аудитордың тексеру қорытынды есебiн талқылау, бекіту туралы.
2. Серіктестіктің 2021 жылғы атқарылған жұмыстары қорытындысы туралы.
3. Серіктестіктің қатысушыларлары үлестерiн сату, шығару және азайту, көбейту, жаңадан қабылдау, несиє лимитiн бөлуді, Жарғылық капиталын бекіту және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, уәкілеттi органға тіркеу туралы.
4. Қатысушыларды қаржыландыруға «Аграрлық несиє корпорациясы» АҚ-нан 20.04.2046 жылға дейiн ашылған несиє желiсiн бекіту, кепiлмен қамтамасыз ету, депозит шотындағы қаражатын кепiлге қоюды, сәт рәсiмiнсіз сату және акцепсіз шығару құқығына келісiм беру туралы.
5. Серіктестіктің 2021 жылы өткiзiлген Басқарма жиналысы қорытындысымен қатысушылар үлестерiн сату/азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, өзгерістерiн Жалпы жиналыста қайта бекітуді, Жарғыға, Құрылтай шартына енгізуді, уәкілеттi органға тіркеу туралы.
6. Серіктестіктің 2021 жылғы бюджетiнiң орындалуын және атқарылған жұмыстардың қорытынды есебiн талқылау, 2022 жылдың I кантарынан бастап бюджет пен

штат кестесiне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту туралы.

7. «АНК» АҚ арқылы несиє рәсiмдеу шарты мен ережелерiн, серіктестіктің жарғылық қорынан берiлетiн несиє шарты мен ережелерiне өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.

8. Серіктестікпен жылжымалы және жылжымайтын мүлiктердi жарна сауда-саттықтан немесе тікелей сатып алу арқылы, сатып алуға және сатуға кредиттік кепiрiстiк қатысушыларының келiсiмiн беру туралы.

9. Кредиттік серіктестігiнiң талап етуi бойынша, серіктестік қатысушыларының қатарынан шығару туралы, өз мiндет-темелерiн орындамай мерзiмi өтiп кеткен несиє қарыздарын уақытлы жабылмай проблемалық жағдайда, серіктестіктің баланстан тыс шотына жiберу туралы және серіктестіктің филиалдар мен өкiлдiктерiн ашу/жабу туралы, аталған мәселелер бойынша серіктестіктің Жарғысына сәйкес серіктестіктің басқарма төрағасына уәкiлеттiлiк беру туралы.

10. Кредиттік серіктестігiн Басқарма мүшелерi мен Кредиттік комитет құрамына өзгерістер енгізу туралы.

11. Кредиттік серіктестігiн «Орталық» несиє серіктестігi ЖШС-не мүшелiкке кіру туралы. Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пiкiрлерiнiз бар болса жиналыс ашылғанға дейiн 3 күн ішiнде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа мiндеттi түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС»  
ЖШС әкiмшiлiгi,  
(БИН: 040 540 001 348)

## КӘСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

2022 жылдың 1-15 наурыз аралығында кәсіпкерлерден “әлеуметтік кәсіпкерлік” мәртебесін алу жөнінде құжаттар қабылданады.

“Әлеуметтік кәсіпкерлік” мәртебесін 4 (төрт) санатта айқындалған халықтың әлеуметтік осал топтарының адамдарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін және халықтың әлеуметтік осал топтарының азаматтарына арналған тауарлар өндіру, жұмыстар орындау, қызметтер көрсетуі жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері ала алады.

4 (төрт) санаттың бiрiнiң параметрлерiне сәйкес келген жағдайда, кәсіпкерлік субъектiлерi әлеуметтік кәсіпкерлік субъектiлерiнiң тiзiлiмiне енгiзу үшiн Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасына өтiнiм бере алады.

Қосымша ақпарат алу үшiн Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасына жүгiнуге болады. **Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 123, “Бизнеске арналған үкiмет” ғимараты, 2-қабат, 213 кабинет. телефон 8 7242/ 40 10 59

Өтiнiш нысанын және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектiлерiнiң тiзiлiмiн жүргiзу қағидаларын кәсіпкерлік және туризм басқармасының сайттан жүктеуге болады. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tourism?lang=kk>

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналас-тырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.  
E-mail: [smjarnama@mail.ru](mailto:smjarnama@mail.ru)

## ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

**МИКРОКРЕДИТТЕР**  
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге  
✓ кепілсіз  
✓ алты жылға дейін ОНАЙ, ЫҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ

**ЭВЕРЕСТ**  
финанс  
Керемет  
% МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР  
3 000 000 ТҒ дейін

Қызылорда қ., “Принт” баспаханна ғимараты, Байтұрсынұнов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе  
☎ 8(7242) 92 52 25, 8 708 363 59 45

Толық ақпаратты сайттан көруге болады [everestfinans.kz](http://everestfinans.kz)  
03.03.2021 жылғы №09 21.0005 М лицензиясы Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

## Хабарландыру

«Нұра топтық су құбыры» РМҚ «Арал» салынып жатқан кәсіп-орындардың бірлескен дирекциясы филиалы Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, А.Құнанбаев көшесі IН ғимараты

Реттеліп көрсетілетін қызметтің түрі: суды магистралдық құбырлар мен таратушы желілер арқылы, суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтері.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-26 баптарына сәйкес «Нұра топтық су құбыры» РМҚ «Арал» СЖКБД филиалы 2021 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылар алдында есепті жылдауды 2022 жылдың наурыз айында төмендегі кестеге сәйкес өткізгендігін хабарлайды.

№	Өндірістік бөлімшенің атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1	Октябрь топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	28 наурыз күні сағат 10.00-де	Кармакшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт ата көшесі №1 (кент әкімі аппаратының мәжіліс залы)
2	Кармакшы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	28 наурыз күні сағат 15.00-де	Төретам кенті, Мұратбаев көшесі №16 (Төретам кенттік клубы)
3	Жиделі топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	29 наурыз күні сағат 10.00-де	Шиелі кенті, А.Байтұрсынұнов көшесі №13
4	Шиелі ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	29 наурыз күні сағат 15.00-де	Жаңақорған ауданы, А.Иманов көшесі №112 а («Ордакент» ардагерлер және жастар ресурстық орталығы)
5	Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі	30 наурыз күні сағат 10.00-де	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі №29
6	Жаңақорған ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	30 наурыз күні сағат 15.00-де	Жалағаш кенті, Мырзалиев көшесі №24
7	Қызылорда қаласы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	31 наурыз күні сағат 10.00-де	Қызылорда қаласы, Абай Құнанбаев көшесі №1Н ғимараты
8	Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	I сәуір күні сағат 10.00-де	Арал қаласы, Ә.Байтұрсынұнов көшесі №2
9	Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі	I сәуір күні сағат 15.00-де	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Р.Бағланова көшесі №215 б
10	Қазалы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі		

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі**

№ р/с	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Жалғасбаев Ертiлеу Шынтасұлы	Департамент басынысы	сейсенбі, бейсенбі	11:00-13:00 16:00-18:00
2	Маханова Айгүл Байтұрсынқызы	Департамент басышының әлеуметтік мәселелер жөнiндегi орынбасары	дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	15:00-17:00 10:00-12:00 15:00-17:00
3	Мырзахметова Тiлеуқұл Тәңiрбергенқызы	Департамент басышының медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелерi жөнiндегi орынбасары	дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	10:00-12:00 15:00-17:00 10:00-12:00

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметшілері тарапынан ҚР «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) нормаларының бұзылу фактілері туралы, сонымен қатар, мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтары бұзылғандығы жөнінде, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мекемелерде «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңдары талаптарының бұзылу фактілері туралы 8(7242) 27-01-26 нөмірлі «сенім телефонына» хабарлауға болады.

## Хабарландыру

«Байқоңыр (Байқонур)» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы жұмыс өтілімі кемінде бір жыл, банк, қаржы саласында жұмыс атқарған экономист, қаржыгер, заңгер мамандығы бойынша тұлғаларды жұмысқа шақырады. **Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі 4. **Байланыс тел.:** 8(7242) 70 16 77. [office\\_spk@list.ru](mailto:office_spk@list.ru)

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда облысы, Сырдария ауданының жеке нотариусы Назарова Калдыгул Махашовна (лицензия №001672 30.10.2003 ж.) 2021 жылдың 10 қыркүйегінде қайтыс болған Жақапбай Бақтыбай Қасымбекұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Алияқаров көшесі №5, тел.: 87056206463, жеке нотариалдық кенсе.



## Жыл қорытындысына арналған жиын

«Достық үйінде» халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы кеңейтілген алқа мәжілісін өткізді. Оған қалалық филиал, ірі бастауыш ұйым төрағалары қатысты. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



Алғашқы мәселе бойынша облыстық филиал төрағасы Сәдуақас Аңсағат өткен жылы атқарған жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігінің VI құрылтайы мен облыстық ұйымының VI конференциясында қойылған міндеттерді орындау шаралары жайында айтты.

Құрылтай дегеніміз – әншейін жиын емес, шешімін тапмай отырған мәселелер сол жиында көтеріледі, өзгерістер белгіленеді. Жұдырықтай жұмылған белсенді азаматтардың басын біріктірген ұйым өзінің күрескерлік ісімен халықтың көңілінен шығатындай беделі бар жетекшісі, алқа жиынын, алқасын сайлайтын ұйымның басқосуы. Мен облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың және қала әкімі Ганибек Қазантаевтың қабылдауында болып, мемлекеттік тіл мәселесі бойынша аймақта қалыптасқан жағдайды баяндадым. Аймақ басшысы қолдау білдіріп, облыстық ішкі саясат басқармасына, қала, аудан әкімдеріне тиісті тапсырмалар берді.

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы мен облыстық ішкі саясат басқармасы аймақта мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру жұмысын жандандырудың облыстық іс-шаралар жоспарын жасадық. Осы жоспар бойынша Қызылорда қаласы мен аудандарда тіл туралы заңнама талаптарын, тілдік нормаларды бұзған көрнекі ақпараттар бойынша БАҚ өкілдерімен бірнеше рейд жүргіздік. Жоспардағы 26 бөліктен тұратын жұмыстардың біршамағы орындалды. Бұдан былай мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйым бірлесіп отырып, құрылтай өткізуден бастаған дәстүрімізді одан әрі жалғастырып, ана тіліміздің мәртебесін өз деңгейіне көтереміз деп сенемін.

Облыстық филиал басқармасына Светлана Крюгер, Елена Рыбина мүше болып сайланды, Сымбат Абдрахманова, Уәлихан Ибраев, Жанар Әлішова сынды жастар тартылды. Төралқа құрамы да өзгерді. Жаңадан Мира Қазбекова, Алтынсары Шүренов, Болат Нұрхожаев, Талғат Мендібаев сынды белсенді азаматтар төралқаға мүше болып сайланды.

Өткен жылы аудандық филиалдарды нығайтып, бастауыш ұйымдарды түгелдеп алдық. Қазір 7 аудандық, 2 қалалық филиалда 2 комитет, 796 бастауыш ұйым бар, оған барлығы 38973 адам мүше.

Аудандық қалалық филиал төрағалары жаңадан бастауыш ұйымдар ашуы керек. Кей аудандан 2-3 мың ғана мүше бар, 70-80 мың халыққа шаққанда бұл өте аз.

«Тіл сақшысы» газетінің таралымы 12000 данадан асты, бұл жерде негізгі мәселе – біздің дауысымыздың, іс-әрекетіміздің көпшілікке жетуі. Қазір газетті іздеп жүріп оқитын адамдар бар. Басылымның мазмұнын тереңдетіп, көркемдігін жақсартуымыз, адамдардың ақпараттық, рухани қажеттілігіне қарай жұмыс жасауымыз керек, – деді облыстық филиал төрағасы.

Облыстық филиалдың 2022 жылға арналған іс-шара жоспары, филиалдары атқаратын шараларды қаржыландыруға байланысты жасалатын жұмыстар туралы төраға орынбасары Жалғасбек Аманов баяндама жасады.

Екі жылда бір рет әр аудандан облыстық семинар өткізіп тұру дәстүрге айналған. Алдағы сәуір айында Арал ауданында «VI құрылтай шешімдерін жүзеге асыруда жасалатын жұмыстар» жиынын өткіземіз деп белгілеп отырмыз. Қыркүйек айында Қызылорда қаласында «Қалалық филиалдың жұмысын жақсарту және бастауыш ұйымдарды нығайту жайы» атты семинар-кеңес өтеді. Айта кету керек, қаладағы бастауыш ұйымдар қатары азайған. Осыны қалпына келтіру үшін жұмыс жасалып жатыр. Ал қазан айында Жаңақорған ауданында «Қазақ тілі» қоғамының жастар және жасөспірімдермен жұмысы» тақырыбында семинар ұйымдастыру жоспарлануда. Қаржыландыру мәселесіне байланысты нақты шешім әлі жоқ, бірақ мемлекеттік сатып алумен жұмыс жасауымыз керек. Ол үшін әрқайсының ұсынысы бересіздер, жоба жасап, оны қорғайсыздар. Шараны өткізіп болған соң есеп бересіздер, – деді баяндамашы.

Мәжіліске қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап, ұсыныстар берді. Облыстық ұйым төралқасының қаулысы қабылданды. Белсенді жұмыс жасаған қалалық филиал, ірі бастауыш ұйым төрағалары марапатталды.

## СҰХБАТ

Байқасаңыз, бүгінде балалардың даму ерекшелігі, қабілет-қарымы, тіпті ойлау жүйесі бөлек. Кейде өзінді таңғалдыратын тың ойлар айтып, идеялар ұсынады. Жалпы бала тәрбиесі тақырыбы өзекті. Бұл сала терең зерттелген оқулықтар мен методикаларға толы болуы қажет. Заман сұранысына сай ол түрленіп тұрғаны дұрыс. Біз осы ретте «Баланы жазасыз тәрбиеле» кітабының авторы, «Бақытты отбасы» кеңес орталығын құрушы, «Empathy.akademy» тұлға дамыту орталығының жетекшісі Елжас Ертайұлымен әңгімелескен едік.



## «Баланың қателігі» дегеннің өзі – қате ұғым



– Елжас Ертайұлы, бала тәрбиесі жөнінде эксперт мамансыз. Бұл салада бес бірдей кітап жазып, зерттеп жүрсіз. Әлеуметтік желі арқылы тақырыпты көтеріп, оның шешімін табу жолында, әсіресе жас ата-аналарға беріп жүрген кеңесіңіз көп. Аталған мәселені қолға алуының себебі неде?

– Менің бұл бағытка келуіме жеке қызығушылығым мен қоғамдағы қажеттілік себеп болды. Ең алғаш 2015 жылы осы тақырыпқа қызығып, зерттей бастаған кезде әлеуметтік желіде арнайы «Бақытты отбасы» деген топ ашып, ақпараттарымыз бөлісе бастадым. WhatsApp арқылы таныстарыма жіберіп отырдым. Сол уақытта адамдардың қызығушылығын байқап, кеңейте түсуді қолға алдым. Instagram, Facebook арқылы әлеуметтік желіде белсенді болдым. Одан кейін 2016 жылдан ата-аналарға семинар-тренингтер жүргізіп, бетпе-бет жүздесу басталды.

– Ата-бабамыз бұрын «ұят болады», «обал болады», «жаман болады» деп тәрбиелейтін еді. Қазіргі ұрпақ «тәк-тәк» емес, «тік-тоқ» арқылы тәрбиеленіп жатыр. Тәрбие мәселесінде ата-аналар қандай қателіктер жібереді?

– Иә, бұл үш тіркестің мағынасы өте зор. Өкінішке қарай, бізде бұл нәрселер қатты қолданыста емес. Себебі қазір ата-ананың балаға әсер ете алу күші азайған секілді. Біздің айтқан сөзіміз 100 процент дұрыс болуы мүмкін. Бірақ балаға әсер ете алу күшінен айырылып қалған болсақ, онда бұл дұрыстарды бала қабылдамайды. Менің ойымша, ата-аналар балаларымен мықты байланыс, қарым-қатынас орнату арқылы әсер ету күшіне ие болуы керек. Сол кезде ғана біздің ақыл-кеңестеріміз әсер етеді. Ата-ананың басты қателігі не десек, баламен уақыт өткізбеу, алтын көпір орнатуға талпынбау, көбіне материалдық жағдайлардың айналасында жүріп қалу деп ойлаймын.

– «Баланы жазасыз тәрбиеле» кітабының авторысыз. Баланы өз қателігі үшін жазалау сіздіңше дұрыс емес пе?

– Жалпы алғанда, баланы қателігі үшін жазалау дегеннің өзі – қате түсінік деп ойлаймын. Өйткені, баланың қателігі деген қаншалықты қателік категориясына кіреді? Осы мәселені нақтылап қарап алған жөн. Әсіресе аналитикалық ойлау дағдысы қалыптаспаған, яғни балиғат жасына толмаған 10-12 жастан төмен бала өз ісіне толыққанды жауап бере алатын, талдау жасай алатын жағдайда емес. Сондықтан олардың іс-әрекетін қателік деп қараудың өзі дұрыс емес. Бұларды қателіктен гөрі тәжірибенің жетіспеушілігі, әлі талдау жасай алма-

уы деген секілді категориямен қарау керек. Алла тағаланың өзі осы жастағы балалардың істерін жауапкершілікке тартпайды. Бұның өзі белгілі бір деңгейде бізге ой салуы керек. Менің ойымша, сіз қаншалықты жазалап ұрысқанымен, бала істеп жүрген қателігінің өзін дұрыс түсініп, сабақ ала алмайды. Ол үшін жазалаудың орнына баламен дұрыс қарым-қатынас орнатып, қатесіне фокус жасап, назар аударатындай орта қалыптастыру керек. Жазалау оның сабақ алуына, тәжірибе жинауына кедергі келтіреді деп ойлаймын.

– Сіздерден ата-аналар қандай көмек сұрайды?

– Бізге хабарласатын ата-ана көп жағдайда болар іс болып, тығырыққа тірелгеннен кейін ғана шешім іздей бастайды. Ауырғаудың жолын іздеп ертерек, алдын алу мақсатында хабарласатындар сирек. Бала өзіне сенімсіз болып тұмайды. Қате қарым-қатынасымыз, ұстанымдарымыз арқылы туындатамыз. Одан кейін «балам неге өзіне сенімсіз?» деп шешімін іздеп қиналамыз. Осы секілді балада агрессия туындатып, кейін оның ашушандығына шағым айтамыз. Менің ойымша, алдымен болдырмаудың жолын іздеу керек. Кез келген балада туа бітті қабілет-қарымы болады. Соны дер кезінде дамыта білетін ата-анаға кезіге ме, кезікпей ме? Мәселе сонда. Сондықтан ата-аналар өз ұстанымдарымызды қолға алған дұрыс.

– Бүгінде балабақша, мектеп, тіпті өзінің отбасында бала құқы аяқаста болып, тапталып жатады. Оларды үлкендердің әлімжеттігінен қалай қорғаймыз?

– Өкінішке қарай, балаларға деген әлімжеттік – белгілі бір деңгейде буллинг. Қоғамда кең етек алған мәселе. Алдын алу үшін ересектердің бала тәрбиесіндегі ойын дұрыс қалыптастыру керек. Біздің қоғамда «баланы ұрып-соғып тәрбиелеу керек, бетімен жіберсең, не бола алмай қаласың» деген секілді ойдағы адамдар өте көп. Баланы жазалауды қалпыты деп есептейтіндер баршылық. Сол кісілердің қате ойларымен жұмыс істеліп, олардың саналы түрде әрекет етуіне себепкер болу керек секілді. Мен бәрін ересектерден, ата-аналардан бастауды ұсынамын. Ата-ана дұрыс ұстанымда болса, менің ойымша бала тәрбиесінде көп мәселе шешімін табар еді деп ойлаймын. Бұл қоғамдағы буллингтің, әлімжеттіктің шешім табуы үшін, бірінші ересектермен жұмыс істеліп, олардың сауатын, сана деңгейін көтеру керек деп есептеймін.

– Былғы жылды Мемлекет басшысы «Балалар жылы» деп жариялады. Осыған орай қандай мәселе мемлекет деңгейінде шешіліп, жүзеге асырылуы тиіс деп ойлайсыз? Өз тарапыңыздан ұсыныстарыңыз бар ма?

– Мен маман ретінде ұсынарым – ата-аналардың сана деңгейін арттыратын әртүрлі семинар-тренинг, білім алу форматындағы іс-шаралар көбейсе екен. Өйткені қазір бала тәрбиесіне қатысты ата-аналар білімінің таяздығы алаңдатады. Осы мәселе қолға алынса қоғамдағы әлімжеттік болсын, әртүрлі жағымсыз жағдайлар шешімін табар еді. Жастар отбасын құрарда «ата-ана бола алады» деген куәлік алса ғой деген арманымыз бар. Мәселен, біз көлік жүргізу үшін оқу оқып, сынақ тапсырамыз. Содан кейін барып, куәлік аламыз. Балалы боларда да осы секілді дайындығымыз болуы керек.

– Әңгімеңізге көп рақмет! Жұмысыңызға табыс тілейміз!

Әңгімелескен Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



SERGEK

## Мағжанның қола жүлдесі

Дзюдодан Қазақстан құрамасы Тель-Авивте (Израиль) өткізілген әлемдік Grand Slam додасын сәтті бастады.

Қазақстан құрамасы жарыстың алғашқы күнінде екі медаль ұтып алды. 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде отандық қос дзюдошы жеңіс тұғырына көтерілді. Атап айтқанда, Бауыржан Нарбаев жарыстың күміс жүлдесіне ие болды. Ал кызылордалық Мағжан Шамшадин қоланы қанағат тұтты.

Бауыржан Нарбаев финалға дейін қарсылас шак келтірмей, төрт кездесу өткізді. Ал жарыстың финалында украиналық Артем Лесюкпен кездесті. Екеуара кездесу өкінішке қарай, отандасымыздың қарсыласының еншісіне шешілді.

Айта кетерлігі, 66 келіде сынға түскен Ғұсман Қырғызбаев қола жүлде үшін белдесуде Украина спортшысы Богдан Ядовка есе жіберді.

«СБ» ақпарат



## Бойында бірнеше өнер ұштасқан

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген ұлағатын сөзі бар. Бүгінгі кейіпкеріміз Нұрлан Сатмағамбетовтың бойында жоғарыда айтылған қасиеттердің бәрі табылады десем, әсірелегенім емес. Санамалап көрейік.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»



Нұрлан Есімханұлы – аудандық танымал жеке кәсіпкер. Қос бірдей жоғары оқу орнын яғни, Қорқыт ата атындағы университеттің «Физика-математика», ал Шымкент қаласындағы Әлеуметтік инновациялық академияның «Спорт және денешынықтыру» мамандығы бойынша бітірген. Оған қоса діни медреседе білім алған. Нұрлан грек-рим күресінен спорт шеберлігіне кандидат, отбасындағы 5 бауырының ортаншысы. Әкесі Есімхан теміржол саласынан зейнет демалысына шықса, анасы Әзіма ұй шаруасында.

Нұрлан Сатмағамбетов екі жылдан бері кәсіпкерлікпен айналысып келеді. «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 млн теңге қайтарымсыз грант алды. Қазір кәсіпкер халықтың сұранысына сай тапсырыстар қабылдап, түрлі үлгідегі бас киім тігеді.

– «Кәсіп түбі береке» деген. Қандай істі де бастау оңайға түспейтіні белгілі. Алғашқыда аздаған қиындықтар болғаны рас. Алайда, біртіндеп жұмыс жүре бастады. Шүкір, тіршілігіміз бөтен емес. Үйдің бір бөлігін тігін цехы ретінде ашып қойдық. Түрлі үлгідегі бас киім дайындаймын. Қажетті шикізаттың көбісін өзміздің ауданынан аламын, табылмайтын сырттан тасымалдаймын. Бас киімді өзім дайындаймын, ата-анам көмектеседі. Базарда сауда орнымыз бар, әзір болған бас киімдерді сол жерге сатуға шығарамын, – дейді жеке кәсіпкер.

«Жігітке жеті өнер де аз» деп бекер айтылмаса керек. Бойында бірнеше өнер ұштасқан азаматтың кәсібінә береке тілейміз!

Қазалы аудандық



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.  
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.